**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Өндірістік кеңестің

**Хаттамасы № 1**

12.09.2022 жыл

Қатысқандар – бөбекжай бақша ұжымы

**Күн тәртібінде**

1. Еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі шаралары
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтар бойынша қызметкерлердің білімін тексеру, төтенше жағдайлардағы персоналдың әрекеті
3. Істер номенклатурасын реттеу жөніндегі жұмыс

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова сөз алды. Барлық қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және техника қауіпсіздігі бойынша оқып таныстырды. Қызмет барысында қызметкерлер қауіпсіздік ережелерін сақтап, әр қашан сақ болуларын түсіндірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ұ. Каулбаева сөз алды. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтар бойынша таныстырып өтті. Нұсқаулықта балалардың денсаулығы үнемі бақылауда және төтенше жағдайда персоналдың іс-әрекеті туралы айтылды. Т өтенше жағдай кезде қосымша шығу есіктері арқы әрекет жасап, балалардың денсаулығын бірінші орынға қойып, оларды қауіпсіздік орынға шығару керектігі айтылды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова балабақша қызметкерлерін істер номенклатурасымен таныстырп өтті. Алдағы уақытта осы номенклатура бойынша жұмыс жасалынсын.

Жиналыс қаулы етеді

1. Еңбек қауіпсіздігі мен техника қауіпсізідігі сақталсын.

Жиналыс төрайымы    Б. Сеилова

Хатшы    Г. Шамшиева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Өндірістік кеңестің

**Хаттамасы № 2**

14.11.2022 жыл

Қатысқандар – бөбекжай бақша ұжымы

**Күн тәртібінде**

1. Балабақшаның қысқа дайындығы
2. Жас кадрларды тәрбиелеу, жас маманның өз міндеттерін орындаудағы жеке жауапкершілігін күшейту факторы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова сөз алды. Қысқы маусымға дайындық жұмыстары жөнінде тоқталды . Балабақшада жылыту маусымына дайындық жасану үшін бірінші тазалық жұмыстары жатады. Қазандықтарды жөндеу, сыбап, ақтап, сырлап шығу. Дегенмен, қажетті құралдарды сынықтарын түзеп, қысқы маусымға дайындап, толықтыра түсуіміз қажет. Тазалық жұмыстарын күрделі де, аса жауапкершілікпен жүргізейік.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Ж. Нурдилдаева сөз алды. Жас мамандарға әдістемелік көмек беріледі. Сонымен қатар жас мамандарды біліктілікті арттыру курсына жіберілетінділігі айтылды.

Жиналыс қаулы етеді

1. Қазандықтар қысқы маусымға дайындалсын

Жиналыс төрайымы — [signature] — Б. Сеилова

Хатшы — [signature] — Г. Шамшиева

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Өндірістік кеңестің

**Хаттамасы № 3**

26.12.2022 жыл — Қатысқандар – бөбекжай бақша ұжымы

**Күн тәртібінде**

1. Баяндама: Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі.
2. Жылу мәселесі қазандықтары мен электр желілерін ретке келтіру туралы
3. Жаңа жыл ертеңгіліктерінде қауіпсіздік сақтау ережелерін орындау

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау нұсқаулығы бойынша тәрбиешілер мен көмекшілері толыққанды жұмыс істеп жатканын, балабақшада тосын жағдай орын алмағанын айтып өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г. Исахова «Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі» тақырыбында баяндама мен таныстырып өтті. Баяндама барысынды бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады. Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша балабақша шаруашылық меңгерушісі Н. Калмуратов «Балабақшаның кысқы жылу мерзіміне

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Айлин» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

Өндірістік кеңестің

**Хаттамасы № 4**

10.05.2023 жыл Қатысқандар – бөбекжай

балабақша педагогтары

1. Көктем мезгілінде болатын аурулардың алдын алу.
2. Көктем мезгілінде сауықтыру кезінде бала денсаулығын нығайту.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Ү. Құлбаева жазғы сауықтыру шаралары туралы медбике өз жұмыс жоспарлары мен таныстырып етті. «Жұқпалы ауруларға карсы» кеңестерін, «Тамақтану туралы» ескертулерін жане балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу жоспарларымен таныстырды. Сонымен қатар, серуенге әрбір ойын алаңын алдын ала тексеріп шығуы керек. Көктем мезгілінде жұқпала вурулардың көбейетінін айта келе менгеруші қызметкерлерді нұсқаулықты қатаң орындауды талап етті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша балабақша директоры Б. Сеилова көктем мезгіліндегі сауықтыру шаралары туралы тарбиешілер, медбике және әдіскер өз жұмыс жоспарлары мен таныстырып өтті. Жазғы сауықтыру не шаралар жоспарымен кіші қызметкерлерді таныстырды. Бекітілген іс шара жоспары бойынша «доп» мерекесін. «Нептун мерекесін, «Гүлдер» мерекесі және «Спорт күні» мерекелері аталып өтілсін.

**Жиналыс қаулы етеді**

1. Жаз мезгілінде болатын аурулардың сақтық шаралары қолға алынсын.

**Директор** Б. Сеилова

**Хатшы** К. Кулбекова